«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

060011, Атырау қаласы, Б.Құлманов көшесі 148-а үй
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

060011, город Атырау, улица Б.Кулманова, 148-а
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

08-А-814/732
29.07.2021

«Жас қоғам» ЖБДҚ» ЖҚ-ғы

Атырау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі – Департамент)* Сіздің 2021 жылғы 31 мамырдағы №113831 *(15.07.2021ж №ЗТ-А-814 санмен тіркелген)* «Атырау облысы Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесімен *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* өткізілген №5931564-1 «Білім беру ұйымдарында ЖАС ҰЛАН балалармен жасөспірімдер ұйымдарының өызметін қамтамасыз етуге және патриоттық тәрбие беруге, еріктілік қызметін дамытуға, құқықбұзушылықтың, нашақорлықтың алдын алу бағытында ұйымдастыруға бағытталған шаралар кешенін ұйымдастыру» (44467120-ГСЗ1 лоты) әлеуметтік тапсырыспен сатып алуына қатысты жазылған шағымыңыз бойынша төмендегіні хабарлайды:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасының *(әрі қарай-Қағида)* 223 тармағына сәйкес мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алулар Қазақстан Республикасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс саласындағы заңнаманың талаптарын ескере отырып, жүзеге асырылады.

Бұдан әрі, Қағиданың 233 тармағына сәйкес Ұйымдастырушы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өткізу барысында конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілермен ұсынылатын техникалық ерекшелікті бағалау үшін мынадай өлшемшарттарды көздейді:

1) Әлеуетті өнім беруші ұсынатын жобаның Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелік талаптарына сәйкестігі;

2) Әлеуетті өнім берушінің қызметі мақсатының (құрылтай құжаттарына сәйкес) Тапсырыс берушінің сатып алынатын қызметтеріне сәйкес келуі;

3) Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарының сәйкестігі (*іс-шаралар атауы және нысаны, өткізу орны мен мерзімі, жауапты тұлғалардың тегі аты, әкесінің аты*);

4) Әлеуетті өнім берушінің «Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында» болуы туралы мәліметтер;

5) Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы (*бір өлшемшарт ғана таңдап алынады*);

6) Жобаны белгілі бір аумақта (*астана, республикалық маңызы бар қала, облыс аудан, қала*) іске асырған жағдайда – үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі;

7) Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың тәжірибесі мен біліктілігі (*Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандарттарына (ҚР Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 19 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандартына сәйкес (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 тамызда № 17314 болып тіркелген*);

8) Жобаны іске асыру нәтижелерін тиімді бағалау бойынша индикаторлардың болуы.

Осы тармақтың 1) - 8) тармақшаларында көзделген өлшемшарттар бойынша баллды есептеу конкурстық құжаттаманың 12-қосымшасына сәйкес есептеледі.

Қағиданың 234 тармағына сәйкес, егер 233-тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген өлшемшарттардың бірі бойынша бір баллдан төмен жинаған әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдері жалпы жиналған баллдардың санына қарамастан, конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

Қағиданың 240 тармағына сәйкес конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігі және олардың техникалық ерекшеліктерін бағалау тұрғысынан қарау нәтижелері бойынша конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілерге конкурстық ұсыныстарды мынадай шартты азайтуды қолданылады:

1) егер әлеуетті өнім берушінің техникалық ерекшелігінің қорытынды бағасы 13-тен бастап 17 баллды қоса алғанда құрайтын болса, онда әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысы 10%-ға шартты түрде азайтылады;

2) егер әлеуетті өнім берушінің техникалық ерекшелігінің қорытынды бағасы 18-ден бастап 22 баллды қоса алғанда құрайтын болса, онда әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысы 20%-ға шартты азайтылады;

3) егер әлеуетті өнім берушінің техникалық ерекшелігінің қорытынды бағасы 23-тен бастап 27 баллды қоса алғанда құрайтын болса, онда әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысы 30%-ға шартты азайтылады.

4) егер әлеуетті өнім берушінің техникалық ерекшелігінің қорытынды бағасы 28 баллдан жоғары болса, онда әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысы 40%-ға шартты азайтылады.

Тапсырыс берушімен жасақталған техникалық ерекшеліктің қызметтік атауы: «*Білім беру ұйымдарында ЖАС ҰЛАН балалр мен жасөспірімдер ұйымдарының өызметін қамтамасыз етуге және патриоттық тәрбие беруге, еріктілік қызметін дамытуға, құқықбұзушылықтың, нашақорлықтың алдын алу бағытында ұйымдастыруға бағытталған шаралар кешенін ұйымдастыру*».

Камералдық бақылаумен, «Атырау облысы «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» ҚБ-і мен «Жас қоғам» ЖБДҚ» ЖҚ-ы ұсынған техникалық ерекшеліктерді бағалау өлшемшарттарына қатысты төмендегідей есептеліп, берілді :

Атырау облысы «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» ҚБ-не 12-қосымшаның 1 және 3 тармақтар бойынша:

1) Әлеуетті өнім беруші ұсынатын жобаның Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелік талаптарына сәйкестігі бойынша конкурстық комиссиямен – 1 балл дұрыс берілген.
3) Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарының сәйкестігі (іс-шаралар атауы және нысаны, өткізу орны мен мерзімі, жауапты тұлғалардың тегі аты, әкесінің аты) бойынша конкурстық комиссиямен – 3 балл дұрыс берілген.

«Жас қоғам» ЖБДҚ» ЖҚ-на 12-қосымшаның 5 және 8 тармақтар бойынша:

5) Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы (бір өлшемшарт ғана таңдап алынады) бойынша конкурстық комиссиямен – 3 балл дұрыс берілген.
8)Жобаны іске асыру нәтижелерін тиімді бағалау бойынша индикаторлардың болуы бойынша конкурстық комиссиямен – 2 балл дұрыс берілген.

Жоғарыда айтылғандар негізінде, конкурстық комиссия тарапынан мемлекеттік сатып алу заңнамасының бұзушылықтары анықталмады.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91 бабының 1 тармағына сәйкес, Әкімшілік рәсімге қатысушы әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен әкімшілік актіні қабылдаумен байланысты емес әкімшілік актіге, әкімшілік әрекеттерге (әрекетсіздікке) шағым жасауға құқылы.

Осы Кодексте көзделген жағдайларда әкімшілік рәсімге қатысушы әкімшілік актіні қабылдаумен байланысты әкімшілік әрекеттерге (әрекетсіздік) шағым жасауға құқылы.

Департамент басшысының орынбасары **Ж.Букаев**

Орын:А.Сейтфеев
Тел:87122 319038